

"Бекітілген инвесторларға Қазақстан Республикасында білікті қызметкерлер, тауарлар мен қызмет көрсетулер іздеуінде жәрдемдесудің тәтібі туралы ережені" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 8 шілде N 26. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 393. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен.

ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығынан үзінді

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

12) "Бекітілген инвесторларға Қазақстан Республикасында білікті қызметкерлер, тауарлар мен қызмет көрсетулер іздеуінде жәрдемдесудің тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 8 шілдедегі N 26 қаулысы (1997 жылғы 12 қазан N 393)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15 және 16-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған "Бекітілген инвесторларға Қазақстан Республикасында білікті қызметкерлер, тауарлар мен қызмет көрсетулер іздеуінде жәрдемдесудің тәртібі туралы ереже" бекітілсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар жөнідегі
мемлекеттік комитетінің
1997 жылғы 8 шілдедегі
N 26 қаулысымен

бекітілген

**Бекітілген инвесторларға Қазақстан Республикасында
білікті қызметкерлер, тауарлар мен қызмет көрсетулер
іздеуінде жәрдемдесудің тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Осы Ереже "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының және "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Ереженің негізінде әзірленді және бекітілген инвесторларға бекітілген келісім шарттың шеңберінде білікті қызметкерлер, тауарлар (өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер) іздеуде жәрдем көрсетудің тәртібін айқындайды.

II. Білікті мамандар

2.1. Комитет (Жарнама және үйлестіру дирекциясы) бекітілген инвесторларға білікті кадрлар іздеуде мына санаттар бойынша жәрдем көрсетеді:

- инженерлік-техникалық қызметкерлер
- экономистер
- заңгерлер
- қаржышылар.

2.2. Комитет (Жарнама және үйлестіру дирекциясы) қажетті мамандықтар, сондай-ақ жоғарыда аталған бейін мамандарын даярлауды жүзеге асыратын оқу орындары бойынша деректер банкін қалыптастырады.

2.3. Комитет білікті кадрларды іздеуге аймақтың жұмыспен қамту қызметтерін тиісті агенттіктер мен компанияларды құрады.

2.4. Инвестор білікті кадрларды іздеуді дербес жүргізуге құқылы.

III. Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер

3.1. Комитет (Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясы) бекітілген келісім-шарттың шеңберінде жобаны жүзеге асыру үшін инвесторға қажетті өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың мынадай топтары бойынша деректер банкін қалыптастырады (ТМД 1997 жылғы сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес):

VII бөлім "Пластмассалар және олардан жасалатын бұйымдар; каучук және резеңке бұйымдар":

- 39-топ "Пластмассалар және олардан жасалатын бұйымдар"

- 40-топ "Каучук және ағаштан жасалатын бұйымдар".

IX бөлім "Ағаш және ағаштан жасалатын бұйымдар...;

- 44-топ "Ағаш және одан жасалатын бұйымдар; ағаш көмірі"

X бөлім "Ағаштан жасалатын қағаз массасы..., одан жасалатын қағаз бен картон бұйымдары";

- 47-топ "Ағаштан немесе басқа талшықты өсімдік материалдарынан жасалатын қағаз массасы, қағаз және картон қалдықтары мен макулатура".

- 48-топ "Қағаз және картон; қағаз массасынан, қағаздар мен картоннан жасалатын бұйымдар"

XV бөлім "Асыл емес металдар және олардан жасалатын бұйымдар":

- 72-топ "Қара металдар"

- 73-топ "Қара металдардан жасалатын бұйымдар"

- 74-топ "Мыс және одан жасалатын бұйымдар"

- 75-топ "Никель және одан жасалатын бұйымдар"

- 76-топ "Алюминий және одан жасалатын бұйымдар"

- 77-топ - болашаққа резервтелген

- 78-топ "Қорғасын және одан жасалатын бұйымдар"

- 79-топ "Мырыш және одан жасалатын бұйымдар"

- 80-топ "Қалайы және одан жасалатын бұйымдар"

- 81-топ "Өзге асыл емес металдар; метал-керамика; олардан жасалатын бұйымдар"

- 82-топ "Аспап, пышақ бұйымдары және асыл емес металдардан жасалатын олардың бөліктері"

- 83-топ "Асыл емес металдардан жасалатын өзге бұйымдар"

XVI бөлім "Машиналар, жабдық және тетіктер: электр техникасы жабдығы...; олардың бөліктері мен керек-жарақтары"

- 84-топ "... қазандар, жабдық және механикалық құрылғылар; олардың бөліктері"

- 85 топ "Электр машиналары мен жабдық...; олардың бөліктері мен керек-жарақтары"

XVII бөлім "жер беті, әуе және су көлігі құралдары мен олардың керек-жарақтары";

- 87-топ "Жер беті көлігінің құралдары ... олардың бөліктері мен жабдықтары"

XVIII бөлім "Оптикалық ... өлшеу, бақылау приборлары мен аппараттары ...; олардың бөліктері мен керек-жарақтары":

- 90-топ "Оптикалық ... өлшеу, бақылау приборлары мен аппараттары ...; олардың бөліктері мен керек-жарақтары":

3.2. Деректер банкіне, сондай-ақ қазақстандық кәсіпорындар, өнімнің

техникалық сертификаты, оның ГОСТ-қа сәйкестігі, өндірістік көлемі, ақы төлеу және беру шарттары туралы мәліметтер де кіреді.

3.3. Инвестор өнімді іздеуді дербес жүргізуге құқылы.

IV. Қызмет көрсетулер

4.1. Комитет (Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясы) бекітілген келісім-шарттың шеңберінде жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті қызмет көрсетулердің негізгі түрлерінің (консалтингтік, инжинирингтік, заңгерлік) тізбесін қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

4.2. Комитет (Әкімшілік, тіркеу және бақылау дирекциясы) деректер банкін қалыптастырады, оған жоғарыда аталған қызмет көрсету салаларында жұмыс істейтін фирмалар мен компаниялардың тізбесі, олардың мекен-жайлары мен т е л е ф о н д а р ы к і р е д і .

4.3. Инвестор қызмет көрсету салаларында жұмыс істейтін компанияларды дербес іздеуге құқылы.

V. Жәрдем көрсетудің тәртібі мен шарттары

5.1. Инвестор Комитеттің Дирекцияларында қажетті қызметкерлерге, тауарлар мен қызмет көрсетулерге сұрау жасауды ресімдейді.

5.2. Комитет бекітілген инвесторға жоғарыда аталған қызмет салаларында жұмыс істейтін компаниялар мен фирмалардың тізбесін ұсынады.

5.3. Жеке адамдар үшін мамандарды іріктеуді өлшемдері осы саладағы кәсібилігі, тәжірибесі, беделділігі, ұсыныстамалар және заңды тұлғалар үшін өндірістік-техникалық мақсаттағы және қызмет көрсету рыногындағы жоңғары бәсекелестіктің деңгейі болып табылады.